

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» РМК



## Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №15 (Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)

«26» мамырға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «25» мамыр күні 21 сағаттан «26» мамыр күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

*құрастырылған уақыты: 25.05.2022 ж.*

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1  
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Ботаева М.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «26» мамырға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

<b>Іле Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,1-0,9 мм), найзағай. Батыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 19-24 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 11-16 градус жылы.
<b>Күнгеі Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,1-0,9 мм), найзағай. Батыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 19-24 градус жылы.
<b>Теріскей Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,1-0,9 мм), найзағай. Батыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 19-24 градус жылы.
<b>Жетісу Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,1-0,9 мм), найзағай. Батыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 19-24 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 11-16 градус жылы.
<b>Қырғыз Алатау</b>	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-3,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 25-30 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Жамбыл облысы)</b>	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-3,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 25-30 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Түркістан облысы)</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (0-2,0 мм), найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 16-21 градус жылы.
<b>Өгем жотасы</b>	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 23-28 градус жылы.
<b>Маңғыстау таулары</b>	Кей жерлерде жаңбыр (0,0-1,0 мм), найзағай. Жел батыстан, солтүстік-батыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 17-22 жылы.
<b>Сауыр</b>	Түнде кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,5 мм), найзағай. Жел шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, кей жерлерде 15, күндіз 17-22, кей жерлерде 25 жылы.
<b>Тарбағатай</b>	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 20, күндіз 28-33 жылы.
<b>Қазақстандық Алтай</b>	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 18, күндіз 25-30, кей жерлерде 33 жылы.

## **2022 жылғы 25 мамырдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу**

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Кейбір өзендерде өткен жауын-шашын салдарынан су деңгейінің көтерілгені байқалды: Кіші Алматы өзені – Медеу, Қаскелен өзені – Қаскелен қаласы, Түрген өзені – Түрген қаласы бекеттерінде су деңгейінің 2 см-ге, Талғар өзені Талғар қаласы бекетінде 3 см-ге су деңгейінің көтерілуі байқалды. Үлкен Алматы көлінің (көлдің солтүстік жағалауында) су деңгейінің 24 см-ге төмендеуі бақыланды. Таудағы температуралық фон жоғарлады, 7-17°С аралығында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 4239 м биіктікте орналасқан.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер  
2022 ж. "25" мамырға**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м <sup>3</sup> /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 24.05	Мин. 25.05	08 сағ. 25.05	Күн. 24.05	Түн. 25.05	Орт. 24.05	08 сағ. 25.05	Орт. 24.05	Макс. 24.05	08 сағ. 25.05		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	12.4	2.0										*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			7.0			256	255				0	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			9.0			606	606	0.26	0.26	0.26	*	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	17.1	11.5									*	0
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			13.0			257	256	0.77	0.77	0.77	0	0
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			15.0			104	104				+2	0
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			16.0			60	60				0	0
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			13.0			188	188	1.37	1.37	1.37	0	0
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			14.0			251	250				-2	0
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			10.0			305	305	0.77	0.83	0.83	0	0
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			14.0			278	278				0	*
12	Кұмбел	Устье ГБ	2150			15.0			69	69				0	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			11.0			276	275	1.35	1.39	1.31	0	0
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			12.0			214	213	1.03	1.05	1.01	0	0
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			17.0			277	276	3.99	4.56	3.80	+2	*
16	Түрген	Таутүрген ГБ	1054			16.0			115	117	9.10	9.70	9.70	+2	*
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			14.0			206	206				0	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			16.0			308	309				+3	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	15.9	9.2				-146	-135				-24	*

Ескертпе:

\* - деректер жоқ

**Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру**  
**«26» мамырға 2022 ж.**

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
<b>Алматы</b>	<b>Іле Алатауы</b>	Солтүстік экспозиция беткейінде маусымдық қар сызығы 3000 м биіктікте, солтүстік-шығыс экспозиция беткейінде - 3100 м биіктікте орналасқан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орта таулы аймақтың ылғалдануы селдің шығыны мен көлеміне қатты әсер етеді, жоғары. Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,1-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.
	<b>Күнгей Алатауы</b>	
	<b>Теріскей Алатауы</b>	
	<b>Жетісу Алатауы</b>	
<b>Жамбыл</b>	<b>Қырғыз Алатауы</b>	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-3,0 мм), найзағай, бұршақ. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға алып келмейді.
	<b>Талас Алатауы</b>	
<b>Түркістан</b>	<b>Талас Алатауы</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (0-2,0 мм), найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға алып келмейді.
	<b>Өгем жотасы</b>	
<b>Маңғыстау</b>	<b>Маңғыстау таулары</b>	Кей жерлерде жаңбыр 1,0 дейін, найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға алып келмейді.
	<b>Тарбағатай</b>	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.

<b>Шығыс Қазақстан</b>	<b>Сауыр</b>	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Түнде кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.
	<b>Қазақстандық Алтай</b>	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисінің сел қаупі жоқ.

\* Сел болжамы үшін қажетті ақпараттың шынайылығының артуына қарай кеңес берулер сел қауіптілігінің деңгейі туралы мәліметтерді қамтитын болжамдармен алмастырылады (Мысалы Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда өзін-өзі ұстау ережесін сақтау (6 Қосымша).

## Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдылығының жоғары болуы және негізінен таудан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілері үшін үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашын қарқындылығының олардың ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен болған кездегі жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы жоғары және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Сел пайда болу аймағындағы адамдар үшін қауіп</p>	<p>Сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

## **Сел қауіптілігінің белгілері және сел қауіптілігі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері**

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қаупінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қаупі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері**

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.